

«Сейфуллин оқулары – 18(2): « XXIғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века – эпоха трансформации » - 2022.- Т.І, Ч.І. – Б.68-70

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА ӘРТҮРЛІ МЕРЗІМДЕ ПІСЕТІН ЖАЗДЫҚ ЖҰМСАҚ БИДАЙ АУРУЛАРЫНЫҢ ТАРАЛУЫ**

*Кәрібекова Ш .2курс магистранты  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-  
Сұлтан қ.*

Республиканың солтүстік өңірінде егіс құрылымында дәнді дақылдар үлкен үлес алады. Қазақстанда өсірілетін дәнді дақылдардың ішінде бидай стратегиялық болып табылады және халық үшін күнделікті азық-түлік өнімі ретінде ұлттық байлық ретінде экономикалық, ұлттық экономикалық маңызға ие. Жаздық бидай астық сынасында жетекші орын алады. АШМ деректері бойынша 2021 жылы еліміздің барлық ауыл шаруашылық дақылдарының егістік көлемі 22,9 млн.га құрады, оның ішінде бидай 12,9 млн. га жерге себілді.[2]

Солтүстік аймақта жаздық бидайдың ең көп таралған және зиянды ауруларына септариоз, гельминтоспориозды дақ, қоңыр тат және тамыр шірігі жатады. Аурулар кешенінен немесе жапырақта инфекциялардың эпифитотиялық дамуы кезінде егіннің шығыны 30% және одан да көп болуы мүмкін[1], [5].

Соңғы уақытта Солтүстік Қазақстанның астық егетін өңірлерінде егістіктердегі фитосанитариялық ахуал нашарлауда. Бұл дақылдарды өсіру технологиясының бұзылуына (алғы дақылды таңдау, ауыспалы егістің сақталмауы, себу мерзімдері, қолданылатын минералды тыңайтқыштардың теңгерімсіздігі, тұқымдарды зарарсыздандыру сапасы, фунгицидтерді қолдану көлемі) және өсімдіктердің өсіп-өну кезеңіндегі гидротермиялық жағдайлардың өзгеруіне, сондай-ақ аудандастырылған сорттардың зақымдалуына байланысты. Топырақты нөлдік және минималды өңдеуді кеңінен енгізу топырақта және өсімдік қалдықтарында өмір сүретін немесе сақталатын зиянды организмдердің жаппай көбею қаупін едәуір арттырады [3],[4].

Бұл мақалада әр түрлі мерзімде пісетін жаздық жұмсақ бидайдың «Шортандинская 2012», «Астана 2», «Шортандинская 95 улущенная» сорттарына фитосанитарлық мониторинг жасау туралы баяндалды. Зерттеу жұмыстарының мақсаты- Солтүстік Қазақстан жағдайында әртүрлі мерзімде пісетін жаздық жұмсақ бидай ауруларының таралуын анықтау.

Зерттеу әдістемесі мен материалдары:Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы Шортанды ауданы "А.И. Бараев атындағы АШҒӨО"ЖШС -нің аумағында жүргізілді.

Тәжірибе танабының жалпы ауданы 6,48 га, мөлдектің ауданы 24м\*50м=1200 м2. Себу жұмыстары 15-мамыр, 20-мамыр және 25-мамырда жаппай қатардағы әдіспен жүргізілді, себу мөлшері 3,5 млн өңгіш тұқым/га. Сепкіш СЗС-2,1, қатараралығы 23 см. Алғы дақыл сүрі жер танабы. Тәжірибеде бидайдың вегетациялық кезеңінде аурудың дамуы мен таралуы анықталды.

Есепке алу, бақылау, жаздық бидайдағы аурулардың фитосанитарлық мониторингінің жалпы қабылданған әдістері М. Қ. Қойшыбаев жалпыланған бойынша жүргізілді[6].

Аурулардың таралуын есепке алу егістіктен 10 сынамадан 10 өсімдікті іріктеу арқылы талдау жүргізілді. Аурудың таралуы немесе аурудың жиі кездесуін пайызбен және төмендегі формула бойынша есептелді:

$$P = n \times 100 / N,$$

мұндағы:

P – аурудың таралуы, %;

N – үлгідегі жалпы өсімдіктер саны;

n – үлгідегі ауру өсімдіктер саны .

Аурудың дамуын анықтау аурудың таралуын ескере отырып, 3 жоғарғы жапырақтан бастап, жалау жапырағын қоса алғанда, бір мезгілде жүргізілді. Зақымдану дәрежесін анықтау үшін арнайы шкалалар қолданылды (Джеймс - дақтар және Петерсон - тат). Талдау нәтижелері бойынша аурудың даму дәрежесі 2-ші формула бойынша анықталды:

$$R = \sum ab \times 100 / NK,$$

мұндағы,

R – аурудың дамуы (%);

$\sum(ab)$  – ауру өсімдіктер санын (a) оларға тиісті зақымдану баллына көбейтудің сомасы (B);

N – есепке алынған өсімдіктердің (дені сау және ауру) жалпы саны);

K – есеп шкаласының жоғары балы.

Кесте – 1. Жаздық жұмсақ бидай егістігінде аурудың таралуы.

Сорт	Масақтану кезеңінде аурудың таралуы		Гүлдеу кезеңінде аурудың таралуы		Сүттен пісу кезеңінде аурудың таралуы	
	Қоңыр тат, %	Сары дақтылық, %	Қоңыр тат, %	Сары дақтылық, %	Қоңыр тат, %	Сары дақтылық, %
Шортандинск ая 2012	0	5	8	15	25	30
Астана 2	0	8	10	19	37	39
Шортандинск ая 95 ул.	0	5	5	15	21	28

Қоңыр тат ауруының пайда болуы сары дақ ауруына қарағанда кеш байқалды. Ауа температурасының жоғары болуына байланысты тат және дақ ауруларының таралуы бастапқы кезеңдерде төмен болды. Ауа ылғалдылығы үш тәулік жоғары болып, одан кейін ауа температурасы күрт көтерілуіне байланысты тат және дақ ауруларының таралуы қарқынды жүрді. Жаздық жұмсақ бидайдың сорттарына келетін болсақ, Астана 2 сорты Шортандинская 2012, Шортандинская 95 ул.сорттарына қарағанда аурумен көп залалданды. Шортандинская 2012, Шортандинская 95 ул. жаздық жұмсақ бидай сорттары тат және дақ ауруларына төзімді болып табылды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1.Койшибаев, М. Эффективность блока защиты растений в Северном Казахстане / М. Койшибаев, Г.Г. Гудов, Л.К. Сон // Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана. - 1995. - №8. -С.47-60

2. АШМ деректер қоры.

3.Кургина, А.Л. Накопление почвенной инфекции корневой гнили пшеницы после различных предшественников/ Кургина А.Л. // Материалы 2 науч. конф. молодых специалистов и аспирантов, посвященная 100-летию со дня рождения В.И. Ленина и 50-летия Казахской ССР. - Алма-Ата. - 1970. - С. 47-48.

4. Санин, С.С. Фитосанитарный мониторинг: современное состояние и пути совершенствования / С.С. Санин // Сб. трудов Всероссийского съезда по защите растений. Санкт-Петербург. - 1995. - С. 166-176.

5. Нурмуратов, Т.Н. Защита зерновых культур от вредителей, болезней и сорных растений / Т.Н. Нурмуратов, М. Койшибаев, Ю.Н. Гештовт, Г.Х. Шек. - Алма-Ата: Кайнар, 1986. - 268с.

6. Койшибаев М.К. Болезни пшеницы. - Анкара: Продовольственная и сельскохозяйственная организации ООН (ФАО), 2018.-394 с.

*Жетекшісі: а.ш.ғ.д., профессор Мұсынов Қ.М.*